

АБАЙДЫҢ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ӘКЕСІ ТУРАЛЫ АЙТҚАН СӨЗІНЕ ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

¹Е. Дәкен, ²Т.Е. Қыдыр

АНДАТПА

Зерттеу жұмысы барысында Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы ислам ілімдерін талдай отырып, М. Әуезовтің «Абай Құнанбайұлы» атты монографиялық еңбегіндегі Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан сөзіне талдау жасалады. Бұл талдау ислам ілімдерінің басты қайнар көздері, яғни Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін басшылыққа ала отырып жүргізіледі. Абай Құнанбайұлының шығармашылығында адамгершілік, моральдық тәрбие мен рухани құндылықтар аса зор орын алады. Оның философиясы мен дүниетанымы адамзаттың ішкі жан дүниесін, ақыл-ойын жетілдіруге бағытталған. Діни білім мен діни көзқарастарды Абай өз шығармаларында ерекше талқылап, мұсылмандық қағидаларға деген көзқарасын жиі білдірген. Абайдың ислам дініне қатысты көзқарастары оның философиялық ойлау жүйесімен тығыз байланыста. Сондай-ақ, Абайдың шығармашылығы қазақ қоғамының рухани дамуына зор ықпал етіп, оның діни танымы мен философиясы қазақ халқының тарихи мәдениеті мен дүниетанымында маңызды рөл атқарды. Бұл тұрғыда Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан сөзі де маңызды әрі өзекті болып табылады. Зерттеуде Абайдың осы мәселеге қатысты пікірлері терең талданады. Атап айтқанда, Абайдың «әкенің дінін замана тұрғысынан пайымдаған» деп көрсетілген пікіріне екі түрлі түсініктеме жасалды. Біріншісі, пайғамбарымызға дейінгі араб жазирасындағы адамдардың күпірлікке белшесінен бұрып, зұлымдықтың қараңғы нәубеті иманның нұрын күтіп жатқан өларалық кезеңді меңзегені. Екіншісі, өз заманының ұры, қарақшы, жемқор, залым, жалқау, жалақорлары көбейген заманды ақтай алмайтынын еске салғаны. Сонымен қатар, Абайдың дінтанулық білім базасына да қысқаша шолу жасалды. Абайдың ислам дініне қатысты көзқарастары ханафи мәзһабындағы имам Әбу Ханифаның еңбектерімен үндесіп, осы мәзһабтың негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Бұл мәселелердің барлығы зерттеу барысында жан-жақты талданып, Абайдың ислам туралы білімінің тереңдігі мен оның қазақ қоғамының рухани дамуындағы маңызы анықталды.

Түйін сөздер: Пайғамбар, Абай, дін, мораль, фәтраһ, ислам ғұламалары, ата-ана, Әбу Ханифа, мәзһаб.

¹ Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

² ҚМДБ жанындағы ислам ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Дәкен Е.,
Eraltai420@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Дәкен Е., Қыдыр Т.Е.
Абайдың Мұхаммед
пайғамбардың әкесі туралы
айтқан сөзіне дінтанулық
талдау // Адам әлемі. – 2023.
– №2 (103). – Б. 156-164.

Религиоведческий анализ высказываний Абая об отце Пророка Мухаммеда

Аннотация. В ходе исследования будет проведен анализ исламских учений в творчестве Абая Кунанбайұлы, с особым акцентом на монографическое произведение М. Ауэзова «Абай Кунанбайұлы» и его высказывание о его отношении к отцу пророка Мухаммеда. Этот анализ будет осуществляться на основе основных источников исламского учения, таких как аяты из Корана и хадисы пророка Мухаммеда. В творчестве Абая Кунанбайұлы большое внимание уделяется вопросам морали, нравственного воспитания и духовных ценностей. Его философия и мировоззрение направлены на совершенствование внутреннего мира человека, развитие его разума и мыслей. В своих произведениях Абай часто рассматривает религиозные вопросы и выражает свою точку зрения относительно исламских принципов. Исламские взгляды Абая тесно связаны с его философской системой мышления. Также творческое наследие Абая оказало огромное влияние на духовное развитие казахского общества, а его религиозное мировоззрение и философия сыграли важную роль в исторической культуре и мировосприятии казахского народа. В этом контексте важным и актуальным является высказывание Абая о родителе пророка Мухаммеда. В исследовании будут подробно проанализированы взгляды Абая по этому вопросу. В частности, будет сделан анализ его утверждения, что «религия отца была осмыслена с точки зрения времени», с двумя возможными толкованиями. Во-первых, это можно интерпретировать как намек на время до пророка Мухаммеда, когда арабский мир погряз в неверии и зулумии, а вера ожидала своего появления. Во-вторых, это заявление можно рассматривать как напоминание о нынешней эпохе, когда количество преступников, воришек, коррупционеров и злодеев в обществе растет.

Также будет сделан краткий обзор базовых знаний Абая в области религиоведения. Взгляды Абая на ислам находятся в согласии с учениями имама Абу Ханифы и его школы ханафизма. Эти положения будут подробно изучены в ходе исследования, что позволит определить глубокие религиозные знания Абая и их значение для духовного развития казахского общества.

Ключевые слова: Пророк, Абай, религия, мораль, фитра, исламские ученые, родители, Абу Ханифа, мәзһаб.

Religious Studies Analysis of Abai's Statements about the Father of the Prophet Muhammad

Abstract. In the course of this research, an analysis will be conducted of the Islamic teachings in the works of Abai Kunanbayev, based on the monographic work Abai Kunanbayev by M. Auezov, particularly focusing on the statement of Abai regarding the father of Prophet Muhammad. This analysis will be conducted with reference to the main sources of Islamic knowledge, namely the Qur'anic verses and the Hadiths of the Prophet Muhammad. In Abai Kunanbayev's works, moral education, human values, and spiritual principles occupy a central place. His philosophy and worldview are aimed at the development of human inner world and intellect. Abai often discusses religious knowledge and viewpoints in his works, frequently expressing his views on Islamic principles. Abai's views on Islam are closely connected with his philosophical thinking system. Furthermore, Abai's works had a profound influence on the spiritual development of Kazakh society, and his religious understanding and philosophy played an important role in the historical culture and worldview of the Kazakh people. In this regard, Abai's statement about the father of Prophet Muhammad is significant and relevant. This research will deeply analyze Abai's views on this matter. Specifically, two interpretations of Abai's statement «the religion of the father was evaluated in the context of the time» will be discussed. The first interpretation refers to the pre-Islamic Arabian peninsula, where people were deeply immersed in disbelief and the dark calamity of cruelty, a transitional period awaiting the light of faith. The second interpretation refers to the era when the society of his time, with an increase in criminals, robbers, corrupt individuals, lazy people, and slanderers, could not justify such actions.

Additionally, a brief overview of Abai's foundation in religious studies will be presented. Abai's views on Islam are in harmony with the works of Imam Abu Hanifa, the founder of the Hanafi school of thought, and align with the fundamental principles of this school. These issues will be comprehensively analyzed during the research to determine the depth of Abai's knowledge about Islam and its importance in the spiritual development of Kazakh society.

Key words: Prophet, Abai, Religion, Morality, Fitrah, Islamic scholars, Parents, Abu Hanifa, Madhhab.

Kіріспе

Мұхаммед пайғамбардың ата-анасының дүниедегі дін-иманы мен ақыреттегі орны туралы мәселе ислам әлемінде көп талқыланған, бірақ діни мәтіндер мен Құран аяттарында тікелей айтылмаған күрделі тақырып болып табылады. Пайғамбардың өмір сүрген кезеңінде бұл мәселе аса көп талқыға түспесе де, кейінгі кезеңдерде дінтанулық және діни-саяси тұрғыда кеңінен зерттелген және талқыланған. Бұл мәселенің күрделілігі мен тартысқа айналуына бірнеше себеп бар.

Біріншіден, психологиялық себептер осы мәселеге қатысты негізгі факторлардың бірі болып табылады. Мұхаммед пайғамбар өз ата-анасының ақыреттегі жағдайын уайымдап сұрақ қойғандарға жауап бергенде, бұл сұрақтардың шешімі тікелей Құран аяттарында айқын көрсетілмеген. Бұл жағдай пайғамбарға психологиялық тұрғыда әсер етті. Мысалы, пайғамбардың өз көкесі Әбу Тәліпті мысалға алып, «Менің әкем де тозақта» деп айтқан сөздері кейінгі кезеңдерде көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің талдауына түсті.

Екіншіден, діни-тарихи жағдайлар да осы мәселеге үлкен ықпал еткен. Мұхаммед пайғамбардан бұрынғы Иса пайғамбармен арадағы уақыттағы адамдардың діни жағдайы, жауапкершілік және пайғамбардың шындыққа жетуі туралы сұрақтар бұл мәселені кеңінен талқылануға алып келді. Мұндай сұрақтар негізінде «Ақыл-ой құдайды табуға жеткілікті ме?» немесе «Жақсы мен жаманның арасын ажырату үшін, тіпті пайғамбардың шыншылдығын білу үшін ақылдың рөлі қандай?» деген сұрақтар туындады.

Үшіншіден, бұл мәселенің сенімдік тақырыпқа айналуының тағы бір себебі – пайғамбар отбасының діннен алыс болуы, оның өміріне және пайғамбарлық қызметіне әсер етуі мүмкін деген сенімге негізделеді. Бұл тақырып шиттердің діни және саяси көзқарастарында маңызды орын алады, өйткені олар пайғамбар

ұрпағы мен діни жетекшілердің күнәлардан пәк болуын талап етеді. Олардың түсінігі бойынша, мұндай мәселе адамдардың таңдауы мен талғамына қалдырылмайды.

Бұл теорияның қарама-қарсы жағына радикал сүннит топтарының пікірі келеді, олар пайғамбардың ата-анасының дінге (өздерінің діни түсінігіне) сәйкес келмеуін қалыпты жағдай деп санайды және пайғамбардың ата-анасы кәпір болған деген тезисті қолдайды. Бұл пікір діни және саяси тұрғыда үлкен қарама-қайшылық тудырып, діни сенім мәселелерін күрделендірді. Жалпы алғанда, Мұхаммед пайғамбардың ата-анасының ақыреттегі орны мен дінге қатысты мәселесі ислам әлеміндегі түрлі ағымдар мен мектептер арасында талқылауларға себеп болған маңызды тақырып болып қала береді.

Бұл тақырып дінтанулық тұрғыдан аса маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Абай тұлғасы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің темірқазығына айналған бүгінгі таңда оның сөздерінен діни көзқарастары мен сенімдеріне негіз тапқысы келген діни топтар мен ағымдардың бар екенін ескеру қажет. Бұл сөздердің астарында тұрған күрделі мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдау, классикалық діни еңбектер негізінде діни-танымдық тұрғыдан түсіндіру бүгінгі дінтану саласының мамандарының міндеті.

Абайдың қазақ қоғамында ақын, ойшыл, дана, хакім ретінде танылуы оның бойындағы адамға тән барлық қасиеттердің уақыт өткен сайын ашылып, кеңінен зерделенуіне ықпал етті. Әсіресе, оның ізгілік, адамгершілік және ақиқат мәселелеріне қатысты айтқан ойлары заманымызда да өзекті болып отыр. Абайдың тұлғасы уақыт өткен сайын өзгеден дараланып, пайғамбар айтқан «жақсы адамдар» шоғырынан ерекше орын алуда. Зерттеу мақала-сы осы тұрғыдан, хакім Абайдың терең мағыналы сөздерін дінтанулық және шариғи тұрғыдан сараптап, терең мән-мағынасын ашуға бағытталған.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Абайдың діни көзқарастарын шариғи сараптамадан өткізу және Абайдың айтқан сөздерінің діни тұрғыда қаншалықты негізді екенін зерттеу. Мысалы, Мұхаммед пайғамбардың ата-анасының ақыретке қатысты ғұламалар арасында туындаған пікір қайшылығы көптеген дінтанушылардың назарында болған. Бұл мәселеге қатысты кейбір ғалымдар пайғамбарлық үндеу жетпегендерге қатысты «муаххид» (Құдайды бір деп білу) және «мушрик» (Құдайға серік қосушы) деген екі топқа бөлген. Ал екінші бір ғалымдар пайғамбарлық үндеуге қарсы шыққан адамдардың күпірлігін қатаң сынға алып, мұндай адамдардың кінәсін «күпірлікпен айыптауды» дұрыс деп есептеген [1, 239 б.].

Зерттеу барысында осы мәселелердің қайшылығы мен түрлі пікірлерді қарастырудың маңыздылығы айқындалмақ. Абайдың осы пікірлерге қатысты көзқарасы мен оның «әкенің діні» деген сөзі қазіргі уақытта діни және әлеуметтік тұрғыдан ерекше назар аудартады. Абай шынымен пайғамбардың әкесін «дінсіз, көпір» деп санаған ба? Мұндай көзқарас шаригатқа және діни этикаға қайшы ма? Осы сұрақтардың жауабын табу үшін зерттеу барысында тақырыптың теориялық маңыздылығын дәлелдеуге ерекше мән берілді. Сонымен қатар, Абайдың бұл сөзді айтуына түрткі болған әлеуметтік және діни себептерді де анықтап, оның қорытындысын саралап, қазақ қоғамындағы діни түсініктер мен қоғамның өзгеруіне әсерін зерттеуге тырыстық.

Әдіснама

Зерттеу жұмысы барысында Абайдың Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) әкесі туралы айтқан сөзіне діни таным тұрғысынан талдау жүргізіледі. Бұл зерттеу жұмысының әдіснамасы төмендегі ғылыми әдістерді қамтиды:

1. Текістуалды талдау: Абайдың шығармалары мен оның Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан сөздерін зерттеуде текстуалды талдау әдісі қолданылады. Бұл әдіс бойынша Абайдың сөздері мен шығармаларынан оның діни және моральдық көзқарастары анықталып, Мұхаммед пайғамбардың әкесіне қатысты айтқан сөзінің контексті зерттеледі.

2. Деректанулық әдіс: Абайдың пікірін түсіну үшін тарихи және діни контексті зерттеу маңызды. Деректанулық әдіс арқылы Абайдың шығармаларындағы діни көзқарастардың қайнар көздері, оның ислами білімдері мен дәстүрлерін зерттеп, сөздерінің дінтанулық негіздерін анықтаймыз. Бұл әдіс Абайдың діни дәстүрлерді қалай қабылдағанын түсінуге мүмкіндік береді.

3. Салыстырмалы талдау: Абайдың айтқан сөздері мен исламдық, әсіресе ханафи мазһабының көзқарастары арасындағы айырмашылықтарды салыстыру. Сонымен қатар, Мұхаммед пайғамбардың әкесіне қатысты ислам тарихында қалыптасқан

түсініктермен Абайдың көзқарасын салыстыра отырып, оның ұстанымын зерттеу. Бұл әдіс Абайдың сөздерінің Ислам дініндегі нақты көзқарастармен үйлесімділігі немесе қайшылығы туралы түсінік береді.

4. Тарихи-құқықтық талдау. Мұхаммед пайғамбардың әкесінің тарихи және діни мәртебесі мен Абайдың айтқан сөзінің құқықтық және теологиялық мағынасына зерттеу жүргізіледі. Бұл әдіс арқылы Абайдың пікірін исламның тарихи контексті мен құқықтық жүйесіне байланысты талдаймыз.

5. Теологиялық талдау: Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан сөзіне теологиялық тұрғыдан тереңірек талдау жасалады. Бұл әдіс Абайдың дін туралы ілімін, оның ислам мен қазақ мәдениетіндегі діни сенімдермен үйлесімділігін зерттеу үшін қолданылады.

6. Философиялық талдау: Абайдың шығармашылығын және оның діни көзқарастарын философиялық тұрғыдан зерттеу. Мұнда Абайдың ислам философиясы мен ақыл-ойдың рөліне қатысты көзқарастары, оның моральдық, этикалық және діни тұжырымдарын қарастыру мақсатында философиялық әдіс қолданылады.

7. Эмпирикалық әдіс: Абайдың дінтанулық көзқарастары мен мұсылмандық терминологияның қазақ қоғамына қалай әсер еткені туралы зерттеулер жүргізу. Бұл әдіс Абайдың шығармаларындағы діни мән-мағыналарды қазіргі қоғамның қабылдауы мен түсінуі бойынша деректер жинап, оларды салыстыру арқылы жүргізіледі.

8. Генетикалық әдіс: Абайдың діни ойлары мен шығармаларындағы оның өмірбаянындағы, соның ішінде діни білімдер мен ағартушылық қызметінің әсерін зерттеу. Бұл әдіс Абайдың шығармашылық эволюциясын, оның өмір жолының түрлі кезеңдеріндегі діни көзқарастарын талдайды.

Осы әдіснамалық негізде Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан сөздері терең діни, тарихи, және мәдени тұрғыда талданады. Жұмыс барысында осы ғылыми әдістердің үйлесімділігі мен кешенділігі оның нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Негізгі бөлім

Құнанбайдың көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Ол көптеген елдің айтысында шешендігімен, ақылының жүйрік болуымен танылған адам. Бір күні Қаратай Абай бастаған жас жігіттердің үстіне келіп, олардың заманын жамандап, өз заманын мақтап сөз қозғайды. Абай бұл сөздерге көп қарсы пікір айтып, ақырында былай дейді: «Сіздің заманыңызда көрші елдер арасында қол жиып, түн қатып жүрмей, жалғыз-жарым адам қатынаса алмайтын еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көбейіп, «Әне, шауып кетті, міне алып кетті!» деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас балалар тыныштықпен асын іше алмайтын. Мұндай заманның несібін жақсы деп айтасыз?» деген-

де, Қаратай дау айтып келіп, былай деп жауап береді: «Менің заманым пайғамбар заманына жақын» дейді. Абай оған қарсы: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ оның басында мәңгілік қар жатады. Ал оның сайларында әр түрлі өсімдіктер мен жемістер өседі. Жақсылыққа алыс заман мен алыс жер деген жоқ, жақсылық қайда болса да жетеді. Сіз Пайғамбарға оның әкесінен жақын емессіз, ол көпір болған», - деп жауап береді [2, 41-42 бб.].

Бұл жерде ескеретін бір жәйт, Хакім Абайдың осы сөздері оның өз еңбектерінде, атап айтқанда өлеңдерінде немесе поэмаларында кездеспейді. Олар тек М. Әуезовтың Абай туралы жинаған деректерінде шағын әңгіме ретінде ғана баяндалады. Мұнда М. Әуезовтің назарын аударатын нәрсе – пайғамбарымыздың ата-анасының қай дінде болғандығы емес, Абайдың заманындағы танымал адамдармен сөйлескенде олардың «таптым, білдім, шештім» дегендеріне сын көзбен қарап, «жеттім» дегеніне қанағаттанбай, өз ойын тереңірек түсіндіріп, оларға түсінік беруге тырысатыны, парасаттылығы мен кемеңгерлігінің арқасында тыңдаушыларға жаңа ақпарат жеткізе алатындығы еді. Мұны Абайдың Шорманның Мұсасымен, Қаракесек Алшынбаймен және әкесі Құнанбаймен болған әңгімелерінде көре аламыз. Бұл әңгімелерде Абайдың тапқырлығы мен шешен тілінің ерекшелігін байқамасқа болмайды.

Хакім Абай «әкенің дінін» заман тұрғысынан пайымдаған. Оның пайымдауынша, пайғамбарымызға дейінгі араб жазирасында адамдар күпірлікке белшесінен батып, зұлымдықтың қараңғы нәубеті мен иманның нұры арасындағы өларалық кезеңді айтып отыр. Бұл кезең — адамдардың дінсіздік жайлаған, өткінші және хаосқа толы мезгілі еді. Абай, осы кезеңнің өткіншілігін және Алланың рахметіне жетудің әрбір адам үшін уақыт пен кеңістіктен тәуелсіздігін аңғартады. Сонымен қатар, екеу ара әңгімеде айтылған түйіндерден эпистемологиялық жаңсақтықты көруге болады, яғни пайғамбарға дейінгі заман мен оның дінге қатысты пайымдаулары ұғымдық тұрғыда жаңылысу мен уақытша түсініктерден туындаған.

Абайтанушы ғалым М. Мыразхметов өзінің «Абайдың исламиятқа қатысы туралы» мақаласында Абайдың діни көзқарасын тереңінен талдайды. Ғалымның пікірінше, Абай өзін Құдайға бас иген көп мұсылманның бірі ретінде танытқанымен, оның діни танымы осы шеңбермен шектелмейді. Абай көп жағдайда исламның діни қағидаттарынан көрі, адамның ақылмен, сыншыл ойымен қарауға бағытталған. Ол танымның негізі ретінде ақылды және сыншыл көзқарасты ұстанып, өзінің философиясында жан мен тән арасындағы айырмашылықты ашып көрсетеді. Мыразхметов «Абай діні – енді сыншыл ақылдың шартты дініне айналған дін» деп тұжырымдайды [3, 177 б.].

Осылайша, Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесінің дініне қатысты пайымдауы,

оның өз кезеңіндегі адамдардың көпшілігі дінсіздікке батқанына негізделген ақылға саяды. Бұл тұрғыда Абай өзінің пайымдауларын тек діни сеніммен емес, терең ой мен сыншыл көзқарас арқылы қалыптастырып, діннің мәнін өзінше түсінуге талпынғанын көрсетеді [3, 177 б.].

Абай Құнанбайұлының философиясында сопылық терминдер кеңінен қолданылып, оның идеялары қазақ мәдениеті мен танымына жақын келетіндігін аңғаруға болады. Бұл идеялардың ортасында Абайдың «кемел адам» концепциясы жатыр, ол сопылық дүниетанымдағы жетілген адам бейнесімен сәйкес келеді. Абайдың философиясы исламдық философиялық бастаулардан алынса да, оның діни түсінігі сыни тұрғыдан қаралған. Ол діннің рухани қызметін мойындай отырып, дінді пайдаланып, өз мүддесін көздейтін адамдардың іс-әрекеттерін сынға алған.

Абай Құнанбайұлы өз заманындағы дүниенің адам өміріндегі орнын, оның мәнін зерттеген ойшыл. Ол дүниенің бос кеңістігін сипаттай отырып, ақиқаттың басты себебін махаббат ұғымы арқылы түсінген. Махаббат, оның пікірінше, жаратушының құдіреті, нұры, дүниені мүмкіндіктен ақиқатқа айналдырудың басты себебі болып табылады. Қазіргі ғылым тілінде бұл махаббаттың бар болмыс пен заңдылықтарға қатысты табиғаты, сондай-ақ ол адамзатқа тәуелсіз онтологиялық заңдылық болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, махаббат адамзат тарихының бастауына ұқсайды.

Абайдың танымында адамның жаратылысы мен табиғаты, оның ішкі мәні маңызды орын алады. Ол адамды, оның табиғи жағдайы мен ақыл-ойының үйлесімін, оның ішкі жан дүниесінің тереңдігін сипаттай отырып, адамзаттың өзін-өзі тануы арқылы жетілуін ұсынады. Абайдың «толық адам» концепциясы осы идеяға негізделеді. Мұнда адамның өзіне тән табиғи болмысы мен жаратылысы, оның фитрасы (туа біткен табиғаты) маңызды рөл атқарады. Фитра (арабша «фитра» — табиғат, табиғи күй) ұғымы адамның жаратылысының бастапқы, өзгермейтін күйін сипаттайды. Абай адам табиғатының ұлы күшін және оның жаратушыға жақын болу мүмкіндігін терең түсінген [4, 187 б.]. Адамзат махаббаты арқылы жаратылған болса да, табиғаттан жоғары тұр. Адамзат өзінің жетістіктерін жаратушының құдіретімен байланыстырады. Алайда мәселе өзге еді. Жаратушы адамзатқа өзінің құдіретін құпия түрде берген, бірақ бұл құдірет айнадан көрінбейді, адам оның болмысын түсіну үшін өзін-өзі тануы қажет. Жаратушының құдіретінің көріну формасы адам еркіндігінде жатыр. Адам еркіндігі мен жауапкершілігін түсінбеген жағдайда, ол бүкіл адамзатты жойып жіберетін қауіпке айналуы мүмкін. Осы орайда, Абай Құнанбайұлы жаратушының махаббатымен жаратылған адамзаттың жаратушына сүюі, оны мойындауы және оның құдіретіне сай қызмет етуі – әрбір адамның парызы деп санаған.

Абайдың пікірінше, жомарт адамда үш қасиет болуы керек: әділеттілік, шапағаттылық

және даналық. Абай адам табиғатын және оның өзінің ішкі табиғатына, яғни фитрасына қарсы шықпай, табиғи болмысының негізінде өмір сүруін меңзейді. Ол табиғаттың өзгермейтіндігін және адамның өзі ешқашан өзгермейтіндігін атап өткен. Адамға бастапқыда тағдыр берілген, және Абай Құнанбайұлы былай деген: «Мен өзгеруге тағдыр жоқ, әуел бастан». Бұл оның адамның табиғаты мен еркіндігін, сондай-ақ жаратушыға деген махаббатты ұстанған философиясындағы негізгі принциптерінің бірі болып табылады [5, 37 б.]. Осылайша, Абайдың философиясында адамның фитрасы мен табиғаты, оның ішкі болмысы мен рухани жетілуі бір-бірімен тығыз байланыста екендігі анық. Адам өз табиғатына сай өмір сүргенде ғана шынайы бақытқа, яғни толық адам болуға жете алады.

Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан пікірін тек оның жеке көзқарасы ретінде қарастыруға болмайды. Бұл ой ислам ғұламаларының зерттеулерінің негізінде қалыптасқан және шариғат талаптары мен ғылыми ой-толғамдарға сүйенеді. Абай осы мәселеге қатысты өзінің философиялық көзқарасын білдіріп, ислам ғұламаларының екі түрлі пікірін талдаған. Бір топ ғалымдар пайғамбарымыздың ата-анасының өмір бойы күпірлікте болғанын, оларды тозаққа жіберілгендер қатарына жатқызған болса, екінші топ пайғамбардың әкесі мен анасын заманына сай тура жолды ұстанған адамдар ретінде есептейді. Бұл екі көзқарас әр кезеңде түрлі талқылауларға себеп болғанымен, ең бастысы — пайғамбарымыздың ата-анасына құрмет көрсету мұсылманға міндет. Мұхаммед пайғамбардың әкесі мен ата-бабалары өмір сүрген кезең араб тілінде «фәтраһ» (өтпелі кезең) деп аталады [6, 97 б.]. Бұл термин пайғамбар келгенге дейінгі уақытты білдіреді, яғни пайғамбарлар арасындағы үкімдер үзіліп қалған кезең. Ибн Хажар бұл кезеңді барлық пайғамбарлар арасындағы үзіліс ретінде түсіндіріп, Мұхаммед пайғамбарға дейінгі кезеңді «фәтраһ» деп атайды. Құранның «Мәйда» сүресінің 19-аяты бұл кезеңге меңзейді: «Әй, Кітап иелері! Бізге қуантушы, қорқытушы елші келмеді» деп айтылады. Мұхаммед пайғамбардың әкесі мен ата-бабалары да осы өтпелі кезеңде өмір сүргендіктен, олар «әһлу фәтраһ» деп аталады.

Абай осы мәселеге қатысты терең ойланyp, пайғамбардың әкесін және ата-анасын құрметтеудің маңызды екенін өз дүниетанымында көрсеткен. Алла тарапынан пайғамбарлар мен елшілердің келмеген кезеңдері «фәтраһ» деп аталмайды. Ибн Аббас: «Мұса мен Иса пайғамбардың арасы бір мың тоғыз жүз жыл болғанымен, бұл кезеңде фәтраһ болмады, себебі осы уақытта мың елші жіберілген», — деп айтқан [7, 53 б.]. Бұл пікірді көптеген ғұламалар қолдайды. Осылайша фәтраһ кезеңі Иса мен Мұхаммед пайғамбарлары арасындағы үзіліс уақытын сипаттайды. Ислам ғұламалары бұл үзіліс уақытын

әртүрлі есептеген. Табиғи Қатада алты жүз жылды, Даххак төрт жүз отыз жылды, әл-Калби бес жүз алпыс тоғыз жылды айтады [8, 2797 б.; 9, 488 б.]. Дегенмен, Алла елшісі: «Мәриямның ұлы Исаға мен ең жақынмын, мені мен оның арасында пайғамбар болған жоқ» [10, 520 б.], — деген хадисі фәтраһ аралығында арабтардан пайғамбар шыққан деген көзқарасты жоққа шығарады. Сонымен қатар, Салман Фариси: «Мұхаммед пен Иса арасындағы фәтраһ уақыты алты жүз жыл», — деп риуаят еткен [11, 195 б.]. Осылайша фәтраһ уақытын анықтаудағы сандық деректердің соңғы шешімі бұл мерзімді алты жүз жыл деп бекіткен.

Әс-Суютидің «Әхлу фәтраһ» (өтпелі кезең тұрғындары) туралы айтқан ойларының негізгі мазмұны мен мағынасына байланысты Абай Құнанбайұлының түсіндірмесі немесе пікірлері толықтай өзгеше бағыт болғанымен, жалпы ислам мен Құранға қатысты ойларында кейбір үндестіктерді табуға болады. Абай өз өлеңдері мен қарасөздерінде адамның ақыл-ойының, жүрегінің тазалығы мен дұрыс жол табудың маңыздылығын ерекше атап өткен. Осы тұрғыда, Әс-Суютидің айтқан үш топтың әрқайсысына Абайдың көзқарасын қосып қарастыруға болады.

1. Ханифтер немесе тура жолдағылар: Абайдың философиясында да адам баласының ақыл-ойының тура жолға бағытталуы маңызды орын алады. Ол өз шығармаларында адамның жүрегінің таза, ақылының дұрыс жолға бағытталуы, және шындықты іздеуі туралы жиі айтады. Әс-Суютидің ханифтерге қатысты айтқан пікіріне сәйкес, Абай да адамның табиғатында Жаратушының бірлігін сезіну мен оған сенудің бар екенін атап өткен. Мысалы, Абайдың қарасөздерінде «Адамды адам еткен — ақыл, ғылым» деген ойы да осы тұрғыда түсіндірілуі мүмкін. Ол да тура жолға түсіп, ақиқатты іздегендерді жоғары бағалаған.

2. Пұтқа табынушылар: Абайдың ойынша, адамдардың жалған идеологияларға еріп кетуі немесе نادандықтың жетегінде болуына қатысты түсінік те бар. Ол адамның жалған құдайларға табынуы немесе жаман жолға түсуін теріске шығарады. Әс-Суютидің пұтқа табынушылар туралы пікірімен үндесіп, Абай да «құдайсыздық» және «құдайды ұмытқандық» деп адамдарды теріс жолға түсуден сақтандыруға тырысқан. Оның өлеңдерінде адамның табиғатындағы жаман қылықтарға жол бермеу, жаман мінездерден аулақ болу және бір Аллаға сенудің маңызы ерекше орын алады.

3. Тозақтық болмағандар: Әс-Суюти үшінші топтың өкілдерін, оның ішінде пайғамбарымыздың ата-анасын, қиямет күнінде тозақтан босатылатындардың қатарына жатқызады. Абайдың да көзқарасы бойынша, ақиқат жолға түсуді түсінбеген немесе оған қол жеткізе алмаған адамдар үшін жаратушының мейірімі мен кешірімі маңызды. Абайдың философиясы бойынша, адамдардың ішкі дүниесінде ешқандай әділетсіздік болмайды,

әрі адамдардың жүрегі таза, ойы ақ болса, Алланың мейірімі оларға жол ашады.

Абайдың түсіндірмесі мен Әс-Суютидің пікірі арасындағы негізгі байланыс — екі ойшыл да адамды дұрыс жолға бағыттауға, ақыл мен сенімнің маңызды екенін түсіндіруге тырысқан. Абай өз шығармаларында адамның жүрегін, санасын тазартуды, дүние мен ақырет жолын дұрыс таңдауды маңызды деп есептеген. Әс-Суютидің пікірлерін Абайдың ойымен байланыстыра отырып, адамның ақылы мен түйсігінің әртүрлі жағдайларды түсінуде шешуші рөл атқаратынын айтуға болады. Бұл орайда, Абайдың ізгілікке үндейтін, адамдық қасиеттерді жақтайтын сөздері мен Әс-Суютидің діни трактаттардағы ойлары бір-бірін толықтырады.

Мұхаммед пайғамбардың ата-анасына қатысты айтылған хадистер, әсіресе, осы пікірді ұстанушылардың негізгі аргументі болып табылады. Бірінші хадис Әнәс ибн Мәліктен риуаят етілген: «Бір адам Пайғамбарға келіп: «Менің әкем қайда?», — деп сұрады. Мұхаммед пайғамбар: «Тозақта», — деп жауап берді. Әлгі адам кетіп бара жатқанда, Пайғамбар оны шақырып алып: «Менің де әкем, сенің әкең де тозақта», — деді» [12, 201 б.]. Екінші хадис Әбу Һурайрадан жеткен: «Мен анам үшін Алладан кешірім сұрадым, бірақ Алла Тағала рұқсат етпеді. Сосын оның қабірін зиярат етуге рұқсат сұрадым, ол үшін рұқсат етті», — деген [12, 90 б.]. Имам ән-Нәуәуи хадиске былай түсіндірме береді: «Күпірлікпен қайтқан адамның орны тозақта болады. Исламға кірмеген адамның туысқанының дінге мойынсұнғаны оған пайда әкелмейді» [13, 87 б.]. Абайдың дүниетанымында бұл хадистердің терең мәні бар. Ол үшін адам өз ісімен ғана емес, сенімімен де жауап береді. Бұл хадистерде туысқандық қатынастардың тозақтан құтқаруға әсері болмайтыны айқын көрсетілген, яғни дін мен иманның маңызы зор. Абайдың пайымдауынша, адамның ішкі әлемі, ақыл мен иманы — оның дүниетанымының негізі.

Пайғамбардың ата-анасын жұмақтық деп айтатын ғалымдардың түсіндірмелері әртүрлі. Бірінші хадистегі «Менің әкем де, сенің әкең де тозақта» деген сөздерде пайғамбардың «әке» деп отырғаны оның көкесі Әбу Тәліп болуы мүмкін. Өйткені арабтарда көкесін әке деп атайтын дәстүр ежелден бар. Құранда да «Ибраһим пайғамбардың әкесі Әзер туралы: «Пұттарды тәңір тұттың ба?» деп айтылған» («Әнғам» сүресі, 74-аят). Танымал тәпсіршілер Ибраһим пайғамбардың әкесінің аты «Тарих» екенін, ал «Әзер» дегені көкесі екенін айтады [14, 179 б.]. Бұл көзқарас Абайдың дүниетанымымен үйлеседі, өйткені ол да адами ұстаным мен рухани тұтастықты ерекше бағалаған, әке мен ұл арасындағы терең байланысқа мән берген.

Әкесінің ана дүниедегі ахуалын білгісі келген кісі пайғамбардан «әкең тозақта» дегенді естігенде, оның көңілі қатты күйзеліп, қатты мұңайған. Мұхаммед пайғамбар оның мұңын басу мақсатында көкесі Әбу Тәліптің де тозақта

екенін қосып айтады. Әбу Тәліптің Хақ дін орнағаннан кейін пайғамбарлықтың куәсі бола тұра иманға келмеуі осы хадистің мәнін аша түседі. Хадистанушы ғалымдардың екінші хадис төңірегінде айтқан ойларынан мынадай қорытынды жасауға болады:

— Алла елшісінің ата-анасы пайғамбарлық үндеу жетпеген кезеңде өмір сүргендіктен, олар қияметте жауапкершілікке алынбайды. Алла Тағала Құранда: «Біз бір пайғамбар жібермейінше, ешкімді азаптамаймыз» («Исра», 15-аят) деп атап өткен. Бұл, өз кезегінде, өларалық кезеңде өмір сүрген адамдардың қияметте азап көрмейтінін дәлелдейді.

— Пайғамбардың анасына кешірім тілеуіне рұқсат бермегені, оның тозақта болатынын білдірмейді. Исламдық таным бойынша, истиғфар тек пайғамбарлық үндеуді қабылдаған, бірақ күнә жасап азап тартатын адамдарға бағытталған. Бұл тұрғыда, пайғамбардың анасы жауапкершіліктен босатылған және бейкүнә адам ретінде саналады.

— Пайғамбардың анасының қабірі басында жылауы, оның ақыреттегі азапқа душар болатыны туралы емес, анасына деген махаббат пен сағыныш сезімінен туғаны түсініледі. Бұл — оның адамгершілік, ізгілік сезімінің көрінісі.

Абайдың дүниетанымында бұл хадистер адамның жүрегінде терең адамгершілік пен қайырымдылық сезімдерін ояту керек деген идеяға жақын. Исламның негізгі қағидалары мен пайғамбардың әділдігі, махаббаты мен жанашырлығы оны әрдайым ізгілікке бағыттайды.

Алла елшісі бастапқыда мұсылмандарға қабірлерді зиярат етуге тиым салған болатын. Алайда, шектеу алынып, мұсылмандарға зиярат жасауға рұқсат етілді. Шарифат бойынша, пұттарға шоқынып, көп құдайлық сеніммен дүниеден өткендердің қабірін зиярат етуге болмайды. Пайғамбардың анасының қабірін зиярат етуге рұқсат беруі оның ханиф дінде болғандығын айғақтайды. Ал, жоғарыда аталған «Мәйда» сүресі 72-аят пен «Әли-Фимран» сүресі 91-аяттары, пайғамбарлық үгіттен кейінгі адасушылық пен күпірліктің ауыр зардаптарын көрсетеді. Бұл аяттарда Мұхаммед пайғамбар Алланың пәрменіне сай өмір сүргендерді жұмаққа, азғындық жолды таңдағандарды болса, тамұққа жібереді деп ескерткен [15, 63 б.].

Көптеген кәламшы ғалымдар Мұхаммед пайғамбардың ата-анасы мен сол заманда өмір сүрген адамдардың көп құдайлық пен пұтқа шоқынудан ада болғанын және солардың жұмақта болатынын айтып, осы пікірді қолдаған. Ашғари сенім мектебі осы тұрғыда ерекше көзқарас ұстанады. Олар пайғамбарлардың адамдарға жол көрсетіп, ізгілікке бағыттағанын атап, адам ақ пен қараны ажырата алмайтындықтан, адасушылыққа бой алдыратынын айтады. Пайғамбарлар Алланың пәрменін жеткізіп, қоғамды дұрыс бағытта ұстау үшін жіберілді. Фәтраһ кезеңінде пайғамбарсыз дүние салған адамдарға ақыреттік жауап-

кершілік жүктелмейді, яғни олар тозақтан құтылады деп саналады. Осы қағидаға сәйкес, пайғамбардың ата-анасы мен арғы ата-бабалары да азаптан құтылады.

Абай Құнанбаевтың дүниетанымы да осы мәселелермен тығыз байланысты. Абай философиясы, әсіресе адамның ішкі дүниесін, оның Аллаға деген сенімін, адасушылықтан сақтануын терең түсінуге бағытталған. Ол адамдарға дұрыс жолды көрсету үшін дін мен ғылымды ұштастырып, шындыққа жетуге шақырады. Абайдың дүниетанымындағы негізгі идеялар – адамгершілік, иман, адалдық және ақиқат жолына бағыттау. Бұл өз кезегінде, Абайдың Аллаға деген сенімінің маңыздылығын және пайғамбарлық үгіттің, сондай-ақ, шариғат нормаларының қоғамдағы рөлін көрсетеді.

Матуриди сенім мектебінің ғалымдары бұл мәселені кейбір шарттар аясында қарастырады. Матуриди ақидасы бойынша, фәтраһ мезгіліне дейін өлген адамның өмірі кешіріледі. Егер ол иман келтірмей, бірақ күпірлікке де бармай өмір сүрген болса, онда ол тозаққа түспейді. Алайда, егер ол кәпірлік сенімде болса немесе фәтраһ уақыты өткеннен кейін жаңадан келген хак дінге мойынсұнбай адасушылықта өлсе, онда ол тозақтық болады [16, 251 б.]. Бұл тұрғыда пайғамбардың ата-анасын күпірліктен толық ақтау қиын, себебі олардың қай сенімді ұстанғаны тек Аллаға аян. Бұл жөнінде тек сол кездегі тарихи жағдайлар мен «көп құдайлық» дәуір немесе Ибраһим пайғамбардан қалған ханиф (тура) жолдың үздіксіз кеңестері арқылы ғана болжам жасауға болады.

Айта кету керек, әлемге әйгілі төрт мәзһабтың негізін қалаған имамдардың арасында имам Әбу Ханифа Мұхаммед пайғамбардың ата-анасының «күпірлікте көз жұмғанын» ашық айтқан. Бұл кейінгі ханафи ғұламалары арасында екіұшты көзқарас тудырған. Мәселен, Ибн Абидин имам Әбу Ханифаның бұл сөзі пайғамбардың ата-анасына қатысты айтылған кейбір хадистерге қайшы келмейтінін түсіндірген [17, 348 б.]. Сондай-ақ, Мулла Әли Қари Әбу Ханифаның бұл пікірін түсіндіріп, Мұхаммед пайғамбардың ата-анасы жұмақтық екендігін дәлелдеген имам әс-Суютидің зерттеулеріне қарсы дәлелдер келтірген [18, 220 б.].

Матуриди мектебінің негізін қалаушы имам Әбу Мансұр Матуриди ислам философиясындағы ірі тұлға болды. Ол сенім мәселесін терең зерттеп, ақыл мен дінді үйлестіре отырып, исламдық теологияны дамытты. Матуриди ақидасы бойынша, адамның ақылы мен қалау-сезімдері шариғаттың дұрыстығын қабылдауға дайын болуы тиіс. Оның көзқарасында, әрбір адам ақылмен Алла Тағаланы танып, шариғат үкімдеріне бағынуы керек.

Бұл ұстанымдардың Абай Құнанбайұлының дүниетанымымен ұқсастығын көруге болады. Абай өз философиясында ақыл мен иманның үйлесімділігін, шынайы білімге деген ізденісті әрқашан баса айтты. Ол адамның рухани кемелденуіне тек ақыл мен сенімнің үйлесімі арқылы жетуге болады деп санады. Абайдың

осы дүниетанымы, әсіресе, Матуридидің ақидасымен үндес келеді, себебі екеуі де адамның рухани дамуына маңызды мән берген.

Имам Әбу Ханифаның және Ханафи мәзһабының құнды еңбектерін зерттеуге бар ғұмырын арнаған ғұлама Мұхаммед Заһид Кәусари, Әбу Ханифаның еңбектеріне қатысты зерттеу мақаласында «Әл-фиqh әл-әкбар» кітабының бірнеше нұсқасын тапқанын айтады. Өкінішке орай, Мулла Әли Қари қате нұсқаны түсіндіргенін дәлелдеген. Кәусаридің айтуынша, «Әл-фиqh әл-әкбар» кітабының соңғы табылған екі нұсқасында Пайғамбарымыздың ата-анасы туа біткен жаратылысында қайтыс болғандығы көрсетілген. Бұл жерде «күпірлікте өлмеген» деген мәтіннің түсіп қалғаны байқалады. Қате түсіндірмелердің себебі ретінде «мә» болымсыз етістігінің түсіп қалғанын да атап өтеді.

Ғұлама осы зерттеуінде, «Мұхаммед пайғамбардың ата-анасы күпірлікте өлмеген» деген пікірдің кейбір топтардың «ол екеуі тозақтық» деген жаңсақ тұжырымдарына қарсы екенін, әрі хадиске негізделген ұстанымнан туындағандығын атап өтеді. Бұл ұстанымда имам Әбу Ханифа пайғамбардың ата-анасына қатысты жағымды пікірді ұстанған. Зерттеуші, «мә» сөзінің мәтінде екі рет қатар қолданылғанын түсіндіріп, хаттаптың біреуін түсіріп қалдырғаны себеп болғандығын көрсетеді. Мұхаммед Кәусари өзінің зерттеу нәтижесінде имам Әбу Ханифаның Пайғамбардың ата-анасы хақында жағымды пікір ұстанғанын айқын көрсетеді.

Абай Құнанбайұлының дүниетанымында айналадағы қоршаған әлем мен объективті шындықты таным барысы, сондай-ақ Құдайға сену мен жанның өлмейтіні жөніндегі көзқарастары бірқатар күрделі және қарама-қайшылықты пікірлерді қамтиды. Оның философиялық көзқарастарында материалдық және рухани әлемдердің бір-бірімен байланысы, адамның ішкі дүниесі мен сыртқы әлем арасындағы үндестік ерекше маңызды орын алады.

Мысалы, Шал ақынның мына шумақтары:

«Мекке мен Медине жолдың ұшы,

Алыс сапар дейді ғой барған кісі.

Ата менен Ананды құрметтесең,

Мекке болып табылар үйдің іші» [11, 376-б.], — осы төрт шумақтың өзі сопылық ілімнің бетпердесін ашады. Бұл жерде абстрактілі философиялық ұғымдар халыққа түсінікті болу үшін қарапайым мысалдармен жеткізіледі. Этикалық құндылықтар халықтың танымына негіз болған философиялық ойлар негізінде сопылық ілімдері тұр. Бұл ойды Абай Құнанбайұлының өзі де қуаттайды: «Алланы мешіттен емес, өз жүрегіңнен тапқан сопының іс-әрекетін» көрсету арқылы адамның ішкі дүниесін танып білуге шақырады.

Абай Құнанбайұлы адамды табиғаттың бір белгісі ретінде қарастырып, оның имандылық қасиеттерінің өмір жағдайлары мен дәуір қалыптасуы арқылы дамитындығын атап өтеді. Сонымен қатар, объективті дүниенің

құбылыстары адамның санасында сәуленіп, оның психикалық қызметінен көрініс табады. Абай адам мәселесін әртүрлі: философиялық, биологиялық, психологиялық, эстетикалық, этикалық және тағы басқа тұрғыдан қарастырған.

Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің философиясындағы антропологиялық принциптеріне ұқсас келеді. Чернышевскийдің түсіндіруінше, болмыс біртұтас болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстар байқалады. Абай Құнанбайұлы осы мәселеге жетінші сезім арқылы келіп, адамның ішкі жан дүниесіне терең үңілуге шақырады. Ол былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады, біреуі — білсем екен демеклік...» [19, 46-6].

Бұл тұжырымда Абай адам баласының әлемді тану жолындағы ұмтылысын, оның дүниетанымын қалыптастырудағы табиғи және әлеуметтік факторларды көрсетеді. Абай Құнанбайұлының ойынша, адамның ең жоғары талабы — объективті шындықты тануға деген құштарлық. Ол өзінің философиялық ойларын әрі қарай дамыта отырып, адам баласы екі нәрсеменен тұрады деп санайды: бірі — тән, екіншісі — жан. Адам баласы осы екі әлемнің арасында қалай орналасатынын және олардың бір-бірімен байланысын түсіну керек. Бұл өз кезегінде адамдық болмыстың терең мәнін ашуға көмектеседі.

Қорытынды

Абайдың Қаратайға айтқан «сіз пайғамбарға әкесінен жақын емессіз, ол көпір болған» деген сөзі Абайдың өз еңбектерінде кездеспейді. Бұл мәлімет тек М. Әуезовтың Абай туралы жинаған деректерінде ғана айтылған. Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы айтқан сөзінің бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл Абайдың жеке пікірі емес, бұрын ислам әлемінің ғалымдары тарапынан зерделенген және талқыланған мәселе. Екіншіден, Абай діни мәселелерді ақыл-оймен талдағандығы үшін, оның пікірлерін ақылмен қарастыру керек. М.Мырзахметовтың «Абайдың исламиятқа қатысы» мақаласында бұл тұрғыда айтылған ойларды ескеруге болады.

Үшіншіден, Абай дін білімін Семейде Ахмет Риза молданың медресесінде үш жыл оқыған. Абайдың медреседе діни пәндерден басқа да араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған әдебиеттерге қызығушылығы жоғары болған. М. Әуезовтың айтуынша, Абай медреседе діни кітаптарды емес, классик ақындардың шығармаларын көп оқыған. Сонымен қатар, үш жылдық оқу кезеңінде орысша білім алу да оның дүниетанымын кеңейткен. Осыдан шығатын қорытынды — Абай ислам ғылымының кейбір тармақтарын терең меңгермеген, ал бұл оған кейбір діни

мәселелерді дұрыс түсінуге кедергі болған.

Абайдың діни білімін алудың қысқа уақытпен шектелуі оның исламның кейбір аспектілерін толық меңгере алмауына себеп болды. Ислам ғылымының тереңдігі тәпсір, хадис, фикһ, ақида сияқты пәндерге бөлінеді, оларды әрқайсысын жеке зерттеу кемінде 4-5 жылды қажет етеді. Сондықтан, Абайдың Мұхаммед пайғамбардың әкесі туралы жасаған пайымдауының қателігі дінтанулық зерттеулердің нәтижесінде анықталды. Мұхаммед пайғамбар мен Иса пайғамбар арасындағы Алла тарапынан елші жіберілмеген алты ғасырлық үзіліс кезінде өмір сүрген адамдардың, оның ішінде пайғамбардың ата-анасының көпір болғанын айыптауға болмайтыны белгілі болды.

Абайдың көзқарастары мен дүниетанымында ислам мен орыс әдебиетінің ықпалының үйлесімділігі маңызды орын алған. Бірақ оның діни мәселелердегі терең түсінігі мен пайымдауы белгілі бір шектеулерге ұшыраған. Құранда: «Біз бір пайғамбар жібермейінше, ешкімді азаптамаймыз» («Исра», 15-аят.) деген аятты басшылыққа ала отырып, Аашғари ақида мектебінің ғалымдарының пікірін қарастырдық. Бұл мектептің түсіндіруінде пайғамбарлар кезеңі жоқ немесе шариғат үзіліп қалған «фәтраһ» уақытында дүниеден өткен адамдар ақыреттік азаптан құтылатыны айтылған. Осы тұжырымға сәйкес, пайғамбарымыздың ата-анасы да азапқа ұшырамайды деп саналады. Имам Әбу Ханифаның «Әл-фикһ әл-әкбар» еңбегінде дәл осындай пікір бар екенін Мұхаммед Заһид Кәусари көрсеткен. Ал Мысыр елінің мүфтиі Мұхаммед Бахит әл-Мутиғи мен Әли Жумға сияқты ғұламалар пайғамбарымыздың ата-анасының күпірлікте көз жұмғаны туралы айтуға болмайтынын дәлелдейді. Бұл пікірді ҚМДБ-ның шариғат және фәтуа бөлімі де қолдайды, атап айтқанда, fatua.kz сайтында пайғамбардың ата-анасы жөнінде жақсы пікірде болуымыз міндетті деп айтылған.

Абайдың бұл пікірді кездейсоқ айтпағаны байқалады, себебі ерте кезеңде осы тақырыпта түрлі пікірталастар мен талас-тартыстар болған. Абайдың осы мәселелерге көңіл бөлуі оның діни мәселелерге терең түсінікпен қарағанын көрсетеді. Бұл діни тұжырымдар мен пікірлер қайта көтерілгенде, кейбір топтар өздерінің көзқарастарын дәлелдеу үшін оларды бұрмалауға тырысуы мүмкін. Сондықтан қазіргі уақытта мұндай діни және танымдық мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеп, классикалық және дәстүрлі бағыттардың түпнұсқа деректеріне негізделген талдаулар жүргізу қажет. Бұл дінтану мен теология саласындағы зерттеушілер үшін аса маңызды әрі қажетті бағыт. Алдағы уақытта осы салада классикалық әдебиеттермен танысу мүмкіндіктерін арттырып, ғылыми зерттеулердің кеңінен жүргізілуі қажет деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абдурахман әс-Сағди. Әл-бидға. – Амман: Дару ән-Нур, 2014. – 258 б.
- 2 Әуезов М. Жирма томдық шығармалар жинағы, том 20. («Абай Құнанбайұлы» атты монографиялық еңбегі). – Алматы: «Жазушы», 1985. – 496 б.
- 3 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
- 4 Ибн Кәсир. Мұхтасар Тәфсир Ибн Кәсир. Том 1. – Бейрут: Дару әл-Құран әл-Кәрим, 1981. – 642 б.
- 5 Ибн Хажар Асқаланаи. Фатху әл-Бәри шарху сахих әл-Бұхари. Том 1. – Каир: «Дарул хадис» баспасы, 2004. – 606 б.
- 6 Мухаммед Саид Тантауи. Эт-тәфсир әл-уасит. Том 4. – Каир: Дару әс-Сағадә, 2007. – 360 б.
- 7 Ибн Сағд. Эт-Табақат әл-Кубра. Том 1. – Бейрут: Дару сәдыр, 2014. – 511 б.
- 8 Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жәрир Эт-Табари. Жамиғул-Баян ғән тәуил Әл-Құран. Том 4. – Каир: Дару әс-салам, 2015. – 3432 б.
- 9 Имам әл-Құртуби. Әл-Жамиғ ли ахкам Әл-Құран. Том 5. – Каир: Дару әл-хадис, 2007. – 760 б.
- 10 Сахих Әл-Бұхари. (Ықшамдалған нұсқасы). – Алматы: «Кәусар саяхат» ЖШС, 2007. – 926 б.
- 11 Жалалиддин әс-Суюти. Әл-Хауи лил Фатауи. Том 2. – Бейрут: Дару-фикр, 2004. – 409 б.
- 12 Сахих Муслим. Том 1. 347-хадис. – Каир: «Дару әл-хадис», 2010. – 536 б.
- 13 Мухиддин Ән-нәуәи. Шарху сахих Муслим. Том 1. – Дамаск: «Дару әл-Файха», 2010. – 264 б.
- 14 Шейх Әли Жумға. Әл-бәян. – Каир: Дару әл-муқаттам, 2014. – 400 б.
- 15 Сейтұлы Қ. Матруди ақидасы. – Алматы: «Көкжиек – Б» баспасы, 2011. – 176 б.
- 16 Шебир Ахмед Усмани. Фатху Әл-Мулһим. Том 1. – Дамаск: «Дару әл-қалам», 2006. – 446 б.
- 17 Ибн Абидин. Раддул Мухтар. Том 4. – Бейрут: Дару әл-кутуб әл-ғилмия, 2003. – 655 б.
- 18 Мулла Әли Қари. Шарху фиқһул Әкбар. – Дамаск: Дару ән-Нәфәис, 2009. – 270 б.
- 19 Мухаммед Заһид Кәусари. Әл-ғақида уә илму әл-қалам. – Бейрут: «Дару әл-кутуб әл-ғилмия», 2004. – 567 б.

Transliteration

- 1 Abdurahman as-Sagdi. Al-bidga [Innovation in religion]. – Amman: Daru an-Nur, 2014. – 258 b. (in Arabic)
- 2 Auezov M. Zhirma tomdyq zhinagy. Tom 20. («Abai Qunanbaiuly» atty monografyalyq engbegi) [Monographic work entitled «Abai Kunanbayuly»]. – Almaty: «Zhazushy», 1985. – 496 b. (in Kaz)

- 3 Myrzahmetov M. Muhtar Auezov zhane Abaitanu problemalary [Mukhtar Auezov and the problems of Abai studies]. – Almaty: Gylm, 1982. – 296 b. (in Kaz)
- 4 Ibn Kasir. Muhtasar Tafsir Ibn Kasir [Abridged Tafsir of Ibn Kathir]. Tom 1. – Beirut: Daru al-Quran al-Karim, 1981. – 642 b. (in Arabic)
- 5 Ibn Hazhar Asqalanai. Fathu al-Bari sharhu sahih al-Buhari [Fath al-Bari: Commentary on Sahih al-Bukhari]. Tom 7. – Kair: «Darul hadis» baspasy, 2004. – 606 b. (in Arabic)
- 6 Muhammed Said Tantaui. At-tafsir al-uasit [The Intermediate Tafsir] Tom 4. – Kair: Daru as-Sagadah, 2007. – 360 b. (in Arabic)
- 7 Ibn Sagd. At-Tabaqat al-Kubra [The Major Book of Biographies or Al-Tabaqat al-Kubra]. Tom 1. – Beirut: Daru sadyr, 2014. – 511 b. (in Arabic)
- 8 Abu Zhagfar Muhammed ibn Zharir at-Tabari. Zhamigul-Bayan gan tauil Al-Quran [Comprehensive Explanation of the Interpretation of the Qur'an]. Tom 4. – Kair: Daru as-salam, 2015. – 3432 b. (in Arabic)
- 9 Imam Al-Qurtubi. Al-Zhamig li ahkam Al-Quran [Commonly known as Tafsir al-Qurtubi]. Tom 5. – Kair: Daru Al-hadis, 2007. – 760 b. (in Arabic)
- 10 Sahih Al-Buhari. (Yqshamdalgan) [Abridged version]. – Almaty: «kausar saiahat» ZhShS, 2007. – 926 b. (in Kaz)
- 11 Zhalaliddin as-Suiuti. Al-Hauil lil Fataui [The Compendium of Fatwas]. Tom 2. – Beirut: Daru-fikr, 2004. – 409 b. (in Arabic)
- 12 Sahih Muslim. Tom 1. 347-hadis [Sahih Muslim (Volume 1, Hadith 347)]. – Kair: «Daru al-hadis», 2010. – 536 b. (in Arabic)
- 13 Muhiddin An-Nauau. Sharhu sahih Muslim [Commentary on Sahih Muslim]. Tom 1. – Damask: «Daru Al-Faiha», 2010. – 264 b. (in Arabic)
- 14 Sheikh Ali, Jumga. Al-baian [The Elucidation or The Clarification]. – Kair: Daru Al-muqattam, 2014. – 400 b. (in Arabic)
- 15 Seituly Q. Matrudi aqidasy [Matrudi's creed]. – Almaty: «kokzhiek – B» baspasy, 2011. – 176 b. (in Kaz)
- 16 Shebir Ahmed Usmani. Fathu Al-Mulhim [Commentary on Sahih Muslim]. Tom 1. – Damask: «l a-qalam», 2006. – 446 b. (in Arabic)
- 17 Ibn Abidin. Raddul Muhtar [Commentary of Ibn Abidin a renowned Hanafi fiqh reference]. Tom 4. – Beirut: Daru al-kutub al-gilmia, 2003. – 655 b. (in Arabic)
- 18 Mulla Ali Qari. Sharhu Fiqr hul Akbar [Commentary on Al-Fiqh al-Akbar]. – Damask: Daru an-Nafais, 2009. – 270 b. (in Arabic)
- 19 Muhammed Zahid Kausari. Al-gaqida uә ilmu Al-kalam [Creed and Islamic Theology]. – Beirut: «Daru al-kutub al-gilmia», 2004. – 567 b. (in Arabic)

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

<i>Еркінбек Дәкен</i>	PhD докторант, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID 0009-0009-6939-4590
<i>Төрәлі Еділбайұлы Қыдыр</i>	доцент, филология ғылымдарының кандидаты, ҚМДБ жанындағы ислам ғылыми зерттеу институты директоры, ORCID ID 0000-0001-9549-256X
<i>Еркінбек Дәкен</i>	докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, ORCID ID 0009-0009-6939-4590
<i>Төрәлі Еділбайұлы Қыдыр</i>	доцент, кандидат филологических наук, директор научно-исследовательского института при духовном управлении мусульман Казахстана, ORCID ID 0000-0001-9549-256X
<i>Erkinbek Daken</i>	PhD student, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, ORCID ID 0009-0009-6939-4590
<i>Toreali Kydyr</i>	Associate Professor, Candidate of Philological Sciences. Director of the Scientific Research Institute under the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, ORCID ID 0000-0001-9549-256X